

Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 838 Қаулысы.

"Фарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 26 маусымдағы  
№ 838 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Фарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қантардағы Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес және 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырулардың және зымырандарды сынақтық ұшырулардың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясы жүзеге асыратын ғарыш объектілерін ұшыруға таралмайды.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ғарыш кеңістігі – теңіз деңгейінен жүз километрден астам биіктікегі әуе кеңістігінен тысқары жатқан кеңістік.

2) ғарыш қызметі – ғылыми, экономикалық, экологиялық, қорғаныс, ақпараттық және коммерциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға бағытталған қызмет;

3) ғарыш қызметіне қатысушылар – "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және (немесе) занды тұлғалар;

4) ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар – "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ғарыш кеңістігінде ғарыш қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) занды тұлғалары;

5) ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғарыш қызметі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) ғарыш объектісі – ғарыш аппараты және (немесе) оны ғарыш кеңістігіне шығару қуралы және олардың құрамдас бөліктері;

7) тасымалдағыш зымыран – ғарыш аппараттарын ғарыш кеңістігіне шығаруға арналған техникалық құрылғы;

8) тасымалдағыш зымырандардан бөлінетін бөліктердің құлау ауданы – ұшу барысында тасымалдағыш зымырандардың істен шыққан және бөлінген элементтері және (немесе) фрагменттері құлайтын (қонатын) жер участкесі.

4. Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асыруды жоспарлайтын ғарыш қызметіне қатысушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асыруды жоспарлайтын ғарыш қызметіне қазақстандық қатысушылар ұшырудың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей, уәкілетті органға ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асыруға жазбаша өтінім жасайды.

Өтінімде: ғарыш объектісінің атауы, ұшыру орны, шығару құралының атауы, шығару құралын іске қосу азимуты, отын құрауыштары мен олардың саны (сатылы зымыранның, екпіндектіш блоктың, ғарыш аппаратының), тасымалдағыш зымырандардан бөлінетін бөліктердің құлау аудандары, күні (негізгі және резервтік), ғарыш объектісін ұшырудың есепті уақыты көрсетіледі. Өтінімде ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асыру негізінде жоспарланатын құжаттардың көшірмелері:

1) ғарыш объектісіне құқық белгілейтін құжаттың (салыстыру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат растиған) көшірмесі;

2) ғарыш кеңістігін пайдалану аясындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның (салыстыру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат растиған) көшірмесі қоса беріледі.

5. Уәкілетті орган келіп түскен күнінен бастап құнтізбелік 5 күн ішінде өтінімді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, азаматтық қорғау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға және тиісті жергілікті атқарушы органдарға келісуге жібереді.

Жоғарыда қөрсетілген мемлекеттік органдар өтінім түскен күнінен бастап құнтізбелік 15 күн ішінде өз құзыretі шегінде жоспарланған ғарыш объектісін ұшырудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігінқарайды және келісу нәтижелері туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Уәкілетті орган өтінім келіп түскен күнінен бастап құнтізбелік 25 күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі жобасын өзірлейді, оны мүдделі мемлекеттік органдармен келіседі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ұсынады. Бұл ретте мүдделі мемлекеттік органдарда келісу мерзімі құнтізбелік екі күнінен аспауға тиіс. Шешімнің жобасына осы Қағидалардың 5-тармағында қөрсетілген мемлекеттік органдар хаттарының көшірмелері қоса беріледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі өтінім бойынша тиісті шешім қабылдан, оның көшірмесін уәкілетті органға жібереді.

Осы Қағидалардың 5-тармағында қөрсетілген мемлекеттік органдармен келіслеген өтінімнің теріс нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұшыруды жүзеге асырудың мүмкін еместігі туралы шешіміне негіз болады.

8. Уәкілетті орган өтінім бойынша шешімнің көшірмесі түскен күнінен бастап құнтізбелік 5 күн ішінде өтініш берушіні Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК